

тапқырлығы мен табандылығын куәландыратын көптеген аңыздар сақталған, ол қазақ тарихына «ғасырдың үш заң шығарушысы мен пайғамбарының» бірі ретінде енген, өзінің ықпалы мен қызметі арқылы XVII және XVIII ғасырлар тоғысындағы қазақтардың қиын тағдырында көрнекті рөл атқарған.

**Кілт сөздер:** тарихи жады, билер, тарихи тұлға, Орта жүз, жоңғарлар, тәуелсіздік.

**Annotation:** The article tells about one of the three great biys (judges) of the Kazakh people, who became a symbol of the struggle for the independence of Kazakhstan in one of the most tragic periods of history. Kazybek bi (judges) went down in history as a man who managed to achieve peace between the Kazakh and Kalmyk tribes and successfully carried out the difficult mission of the ambassador. During the long wars with the Dzungars, Kazybek bi went to the Khuntaiji camp more than once to rescue his fellow tribesmen from imprisonment. Many legends have been preserved in the memory of the people, testifying to the courage, resourcefulness of the wise bi (judges). He went down in the history of the Kazakhs as one of the "three legislators and prophets of the century", who, with his influence and activities, played an outstanding role in the difficult fate of the Kazakhs at the turn of the 17th and 18th centuries.

**Keywords:** historical memory, biy, historical personality, Middle Zhuz, Dzungars, independence.

Қалыи Айдана Жұматайқызы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан; akalieva808@gmail.com

### Қытай қазақтарының қазіргі ахуалы

**Аннотация:** Шетелдегі қазақ диаспорасының тарихи отанына оралуын және қытай қазақтарының орналасу ерекшеліктері мен өмір сүру ахуалына байланысты зерттеулер қарастырылады.

Қытай қазақтарының өсу қарқыны мен халық тұрғысынан даму ахуалы жайлы айтылады. Бұрынғы жалпы халықтық санақ нәтижелерін қазіргі деңгеймен салыстыру мәселелері қарастырылған. Мақаланың негізгі өзектілігі Қытайдағы қазақтардың ондағы алатын орнын саралау еді.

**Кілт сөздер:** Қытай қазақтары, диаспора, қытай саясаты, ирреденттер, автономиялар, кәсіптер.

Жалпы қазақ халқының тарихи ата қонысынан шет жерге кетуі бірнеше себептерге байланысты. Қазіргі таңда шетелдегі этникалық қазақтардың ең көп шоғырланған жерлері Қытай Халық Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Ресей Федерациясы болып табылады. Қытай Халық Республикасында ирреденттер мен диаспоралар аралас, яғни, екі топқа жататындар да бар. Ирреденттер қатарына 19 ғасырдың екінші жартысында орыс-қытай шекарасы орнағаннан кейін байырғы Чин мемлекетінің аумағында ертеден қоныстанған қазақтар Қытай жерінде қалып қойған. Диаспора ретінде 1916 жылғы отаршылдыққа қарсы көтеріліс нәтижесінде сонымен қатар 1931-1934 жылдардағы байларды тәркілеу, ұжымдастыру, ашаршылық салдарынан көптеген қазақ ауылдары жаппай қазақ жерінен Шыңжаң жеріне қоныс аударған.

1954 жылы ҚХР-ның жүргізген ұлттық аумақтық автономия саясатының нәтижесінде Іле Қазақ автономиялы облысы құрылған болатын. Қазақтардың негізгі бөлігі Алтай, Іле, Тарбағатай аймақтары кіретін автономиялық облыста ҚХР ШҰАР, Баркөл-Қазақ аудандарында, Ганьсу аймағының Ақсай-Қазақ автономиялық ауданында және аз мөлшерде Бейжінде қоныстанған. Негізгі дереккөздерде ҚХР құрылған кезде оның аумағында 420 000 қазақ (ирредент) өмір сүрген, оның 418 000 – Шыңжаңда тұрған; 3 мыңнан астам қазақ онымен шекаралас Ганьсу және Цинхай провинцияларының аудандарында тұрады.

Қытай қазақтарының бүгінгі таңда құрылған автономиялық облысы – Іле Қазақ автономиялық облысы. ҚХР жерінде бүгінде Қазақстан-Қытай шекарасы бойында өзінің үкіметі, жергілікті басқару органдары, қазақ мектептері мен қазақ тіліндегі газеттері, радио және телевидениесі бар. Іле-Қазақ автономиялық облысы Қазақстанмен тұтастай шектесіп,

өз жұмысын жақсы атқаруда. ҚХР конституциясы бойынша автономиялардағы бірінші әкімшілік лауазымдарды сол этностың өкілдері иеленуі тиіс деген заң бар.

Бүгінде қазақтардың басым үлесі білім беруде, мәдениет саласында, өнер, қаржы және сақтандыру, денсаулық сақтау орындарында, спорт және әлеуметтік қызмет көрсету саласында, партиялық-мемлекеттік қызмет пен құқық қорғау органдарында өз деңгейлерін көрсету үстінде десек артық емес шығар.

Осы тұрғыда айта кетер тағы бір дүние, ол Қытайдағы қазақ бауырларымыздың күні бүгінге дейін біздің салт-дәстүрімізді сақтап келгені. Бұл өзге жерде өзге ұлт арасында өз елінің мәдениетін сақтап қалу үлкен жұмыс деп айтсақ артық емес шығар. Солардың ішінде қазақта ежелден бар бір өнері ол Хуснихат өнері болып табылады, осы өнер көп жерлерде айтыла бермейтін еді, бірақ мен оны мына бір мақала жинағынан тауып алдым «Қытай қазақтарының дәстүрлі мәдениетінің кейбір қырлары» атты мақала А.У. Тоқтабайдікі. Бұл жерде былай дейді: «2010 ж. Шынжандағы Тарбағатай аймағы Толы аудандық орта мектебінің оқушылары Қуан мен Лазергүл қазақтың мақал-мәтелдері мен нақыл сөздерін бір ай бойы 150 минутта екі қатар қағазға жазып Гиннестің Рекордтар кітабына кіргізген. Бұл қазақтың хуснихат-хаткерлік өнерін қайта жаңғыртып әлемге таныту болып табылады» [Тоқтабай, 2014, 366 б.]

Жалпы алғанда бұл – Хуснихат өнері Әл-Фараби мен Қашқари, Дулатилерден бастап Абайға, Шәкәрімге, тіпті бергі Сұлтанмахмұт пен Мағжанға дейін ұласқан. Оған дәлел десеңіз XIX–XX ғғ. Бас кезіндегі қазақ оқығандарында «хұсни хат» әдісімен туған-туыстарына, сүйгендеріне хат жазу кең тараған. Қазақ тіліндегі сұлудың қасын суреттейтін «Қаламқас» сөзінде осы хуснихат өнерінен шыққан дегенде сөздер бар.

Осы сияқты мысалдарды ала берер болсақ, Қытай қазақтарының өз ата баба дәстүрін күні бүгінге дейін жалғап келе жатқандығы көз қуантарлық нарсе.

Қазақ ғылымында қазақтың өткен тарихы, салт-дәстүрі, көші қону мәселесі, мәдениеті, мәдени мұраларын т.б көптеген толыққанды зерттеу жұмыстары тек өткен ғасырдың 90-жылдары ғана кең өріс алды. Өткен ғасырдың 60жылдардың

соңына қарай, шет елдердегі қазақтардың тілі жайында зерттеулер жүргізіле бастаған. Дегенмен осы тұрғыда айтар едім,қытай жеріндегі қазақтардың диалектісі өзгеріске ұшыраған болып табылады.Осы тұрғыда айтатын жайт қазіргі таңда қытай жерінде қазақ мектептері жоқтың қасы,тек қытай және уйғыр мектептері бар,осының әсерінен де әрине қазақ тілінің, өз ана тілдерінде біраз диалект жағынан өзгерістер баршылық.

Қытай жерінде бүгінде қазақ сияқты аз санды ұлттарға ашылған бірнеше автономиядар құрылған,дегенмен сөздің шындығын айтқанда Іле, Тарбағатай,Алтай құрамындағы қазақтардың қарқынымен 1954жылдан бастап Іле, Ақсай сияқты автономиялар өз жұмыстарын бастап, тек 1980 жылға дейін жоғарғы дәрежеде өз жұмыстарын атқарған,қазіргі таңда шындыққа тұра қарар болсақ,бұл қарқын 80 жылдан бері басылған,қазақтардың мәдениеті, тілі, діні, мектеп пен университеттер қабырғаларында да,жазуында да бүгінде автономия өз жұмысын тоқтатқан,тек бар деген атағы ғана [Әжіғали, Бекназаров, 2012, 131-134 бб.]

Демек бүгінде оқудан басталып дін мен тілімізге дейін өзгерістер мен ауытқулар негізгісі келген қытай жоқ емес.

Енді ҚХР-дағы ауыл аймақтардағы ұлттар көрсеткішін айтар болсақ:

– Іле аймағы бойынша: қазақ халқы 630 мың, қытай халқы 900 мың, ұйғырлар 700 мың, дүнгендер 280 мың, доңшаң 45 мың, моңғол халқы 30 мың, сібе 26 мың, жалпы 2 миллион 500 мың халық (Іле аймағында 3 қала, 8 аудан бар) тұрады.

– Алтай аймағын алатын болсақ: қазақтар 370 мың, қытайлар 280 мың, дүнгендер 24 мың, ұйғырлар 9 мың, моңғолдар 8 мың, жалпы 690 мың (Алтай аймағында 1 қала, 6 аудан бар) халық шоғырланған.

– Тарбағатай аймағында: қазақтың 270 мыңы, қытайлар 850 мың, дүнгендер 90 мың, ұйғырлардың 45 мыңы, моңғолдар 35 мың, жалпы 1 миллион 300 мың (Тарбағатай аймағында 2 қала, 5 аудан бар) халық көрсеткіш береді.

– Санжы дүнген облысында: қазақ халқының 160 мыңы, қытайлар 1 миллион 100 мың, дүнгендер 160 мың, ұйғырлардың

75 мыңы, жалпы саны 1 миллион 500 мыңға жуық халық орналасқан (Санжы Дүнген облысында 2 қала, 5 аудан бар).

– Үрімжіде: қазақтар 75 мың, қытайлар 2 миллион 600 мың, ұйғырлар 450 мың, дүнгендер 330 мың, моңғолдар 10 мың, жалпы 3 миллион 550 мыңға жуық халық бар.

– Бұратал Моңғол облысы бойынша: қазақтардың 55 мың, қытайлардан 300 мың, ұйғырлардан 65 мың, моңғолдардың 30 мың, дүнгендердің 30 мың, жалпы 490 мың халық бар.

– Баркөл Қазақ ауданында: қазақтың 40 мың халық, қытайлардан 65 мыңы орналасқан. Қарамай қаласында: қазақтың 12 мыңы, қытайдың 320 мың, ұйғырлардан 46 мыңы бар. Ақсай ауданы бойынша: қазақтар 4 мыңды құрайды.

Қазақтардың адам саны 60 мыңнан жоғары тұратын алдыңғы 10 аудан-қалалар тізіміне: Күнес ауданы: 170 мың қазақтар бар. Нылқы ауданында: 100 мың қазақ тұрады. Мұңғылкүре ауданында: 95 мың қазақ шоғырланған. Алтай қаласында: 90 мың қазақ бар. Текес ауданында: 85 мың қазақтар тұрады. Тоғызтарау ауданында: 80 мың қазақ орналасқан. Көктоғай ауданы бойынша: 80 мың қазақ шаңырағы бар. Тарбағатайдың Толы ауданында: 75 мың қазақ бар. Үрімжіде: 75 мың қазақтар бар. Қаба ауданында: 60 мың қазақ түтіндеп отыр.

Негізінен алып қарасақ біз зұлмат кезеңде «қашып кетті» деген пікірден аулақ болуымыз керек, себебі қазірде жоғарыда айтылған жерлер ешқандай да қытайдың жерлері болмаған, мұны мен өз ойымнан емес, тіпті қытай жазбалары мен тарихшылардың зерттеулерінде де айтылады, яғни ол қоныстар қазақтың ежелден орналасқан атамекендері, жерлері болып табылады. Егер де ол қазақ жері болса неге олар ол жерді тастап келуі қажет деген пікір қалыптасады.

Дегенмен де қазіргі Қытайдағы саяси жағдайларға назар аударып қарайтын болсақ, қытай өз саясатын сол территорияда орналасқан кішігірім аз халықтарға жүргізу үстінде, яғни өз мәдениетін ұмыттыруда десек артық емес болар.

Мұндағы неге сол жерлерін тастап, қасиетті қазақ ортасына, шаңырағына көшіп келулеріне себептен деген сұраққа осы саясаттың тікелей қатысы бар деп ойлаймын.

Ең басты себеп ретінде ұлттың ұлттық мүддесін айтар едім, жаңа жоғарыда айта кеткендей автономия жұмысының

тоқтауы,қытай саясатының басымдылығы дер едім, яғни қазақ деген халық өз тілінен және дінінен айырылу үстіне. Ал екінші себепке адам санының артуы сонымен қатар жердің тарылу мәселесі,бұл жерде де қытай саясатына бағынып туудың екі баладан артық болмауы сияқты саясатты бәріне бірдей жүргізуін де айта кету керек.

Қытайдағы тағы бір мәселеге тоқталар болсам ол жер мәселесі. Қытайдың саясатына сәйкес жер жер деген ұғым жоқ,яғни жер мемлекет меншігі болып табылады,бұрыннан мал мен егіншілікпен айналысып жүрген қазақтар үшін бұл саясат тиімсіз болып,бүгінде өз кесірін тигізу үстінде,соның бір мысалы ретінде бүгінде Қытай қазақтарының жайылымдық жерлерін әртүрлі себептермен тартып алу жағдайлары көптеп кеткен.Қытайлар өте ақылды халық дер едім, себебі олар өз саясаттарын жіңішке түрде өткізеді,бұл деп отырғаным, ешқандай үлкен дау жасайсыз, ешқандай қатыгез бұйрық түрлерінде емес,астыртын өз саясатын жүргізіп отырған халық.

Қытай астанасы Бейжің мен ШҰАР-дың әкімшілік орталығы Үрімжі қаласындағы қазақ тұрғындардың басым көпшілігі шенеуніктер, партия қызметкерлері, мәдениет, білім, ғылым қайраткерлері, бұқаралық ақпарат құралдары, қаржы, спорт, әлеуметтік қызмет, денсаулық сақтау қызметкерлері болып келеді. Қазақтардың саны Құлжа, Күйтүн, Қарамай, Шәуешек және Алтай қалаларында да аз. Сауда, кәсіпкерлік салаларында, өндірістік орындарда да қазақтар аз, ал жоғары технологиялы өндірістерде мүлдем жоқ деуге болады. Қазақтардың құрылыс, теледидар, мұздатқыш, компьютер, автотехника жөндеу, туризм және т.б. жан-жақты жұмыс тәжірибелері бар. Олардың арасында өздерін Қытайда кәсіби маман ретінде көрсете білген ұстаздар, дәрігерлер, заңгерлер,экономистер, агрономдар баршылық. Соңғы жылдары жастар қалада тұрақтап қалуға, сонымен қатар жоғары және жоғары білімнен соңғы білімді еуропалық елдерде алуға ұмтылуда.

Алтыншы халық санағы орталыққа бағынатын ерекше дәрежедегі қалаларда қазақтар санының ұлғайғанын көрсетеді, ол қалаларға жататындар: Солтүстік Қытай жазықтығының солтүстік-шығысындағы Бейжің, Шығыс жағалауда орналасқан

Тяньжин, Янцзы өзенінің сағасындағы Шанхай, Қытайдың оңтүстік-батысындағы Чоңчиң мен Янцзы өзенінің жоғары ағысындағы қалалары жатады.

Қорытынды. Қытайдағы қазақтың қарқындап өсу деңгейі ондағы бейбіт-ашаршылықсыз өмірдің болуында болса керек, оны айтуымның бірден бір себебі Кеңес үкіметі кезіндегі Қазақстан қазақтарына небір қолдан жасалған нәубет, қырғын жылдар және ашаршылық салдарынан адам саны қарқынды өсе алмай қалған кезең болды, Қытайдағы қазақтар санының жыл сайынғы артуының ең жоғары қарқыны он сегіз жылдық кезеңге, яғни 1964-1982 жылдарға тура келеді. Алайда, КХР да XX ғасырдың 80-ші жылдары жалпыұлттық демографиялық саясатқа сәйкес, аз ұлттар ішінде бала тууды шектеу мен реттеу жарияланады ол (ханзулар арасында – 1978 жылдан басталған) еді.

Жалпы қорыта айтқанда, қытай қазақтары елден жырақ болса да, өз тілін, дінін, мәдениетін ұмытпайды, керісінше дәріптеп, соны жоғары деңгейде қалыптастыру үстінде. ТМД елдері арасынан ішінде суырылып салып осы қытай қазақтары көзге көрінеді. Мәдениетін дамыту және соны тұтыну жағынан тілін сақтап қалу, ата кәсібімен айналысу тұрғысынан жалпы қазақ халқының ұлттық бірлігімізді жоғалтпай емес.

## ӘДЕБИЕТТЕР

*Әжіғали С.Е., Бекназаров Р.А.* Қытай Қазақтарының мәдениеті мен салт-дәстүрі // Шетел қазақтарының мәдениеті (Алматы қ., 2012 ж.). – Алматы, 2012. – 131-134 бб.

*Балтабаева К.Н., Мамашев Т.А., Ермекбай Ж.А., Баймағамбетова А.Ж.* Қазақ диаспорасы және атамекенге оралу // Шетелдегі қазақтар және олардың қайта оралуы. 17 том. (Алматы қ., 2016 ж.). – Алматы, 2016. – 370 б.

*Тоқтабай А.У.* Қытай қазақтары дәстүрлі мәдениетінің кейбір қырлары (Этнографиялық сюжеттер бойынша) // Орталық Азия қазақ диаспорасы мақалалар жинағы. – Алматы, 2014. – 365-366 бб.

*Үдербаев А.Ж.* Труд об изучении казахского языка в Китае // Казахская диаспора Центральной Азии: История – культура –

памятники: мат-лы межд. науч. конф. (г. Алматы, 5 декабря 2014 г.). – Алматы, 2014. – С. 367-369.

**Аннотация:** Рассмотрены вопросы возвращения казахской диаспоры на историческую родину и особенности месторасположения и условий жизни казахов Китая. Речь идет о темпах роста и состоянии развития казахов Китая с точки зрения демографии. Проанализированы результаты переписи населения прошлого и настоящего. Основная актуальность статьи заключалась в исследовании места, занимаемого казахами в Китае.

**Ключевые слова:** китайские казахи, диаспора, китайская политика, ирреденты, автономия, профессия.

**Annotation:** Studies of the return of the Kazakh diaspora abroad to their historical homeland and the peculiarities of the location and living conditions of the Kazakhs of China are considered. We are talking about the growth rate and the state of development of the Kazakhs of China from the point of view of the population. The issues of comparing the results of the population census of the past with the current level are considered. The main relevance of the article was the differentiation of the place occupied by Kazakhs in China.

**Keywords:** Chinese Kazakhs, diaspora, Chinese politics, irredentists, autonomies, professions.

Нәби Мақпура Дәулетқызы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Алматы қ. Қазақстан; nabimakpura@mail.ru

### Қазақ халқының дәстүрлі түйе шаруашылығы

**Аннотация:** Бұл мақалада қазақ халқының дәстүрлі түйе шаруашылығы туралы баяндалады. Түйе малының шығу тегі, таралу аймағы қарастырылады. Сонымен қатар түйелердің түрлері мен ерекшеліктері, түйеге байланысты атаулар мен